

Атырау облысы Махамбет ауданының шекарасын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 19 қазан N 1566

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының Z934200_10-бабына сәйкес, Атырау облысы өкілді және атқарушы органдарының ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес аумағына жалпы көлемі 44146 га жер, оның ішінде Исатай ауданының Ақтоғай селолық округы жерлерінен - 43986 га және Атырау қаласының Атырау мұнай құбыры басқармасы жерлерінен - 160 га жерді қосып, Атырау облысының Махамбет ауданы шекарасы өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда

министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті мен Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі Атырау қаласының бас жоспарына және жер-кадастрлық құжаттамасына тиісті өзгерістер енгізісін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 19 қазандағы
N 1566 қаулысына
қосымша

Атырау облысы Махамбет ауданының әкімшілік шекарасына қосылатын
Исатай ауданы Ақтоғай селолық округының және
Атырау қаласы Атырау мұнай құбыры басқармасының жерлері бөлігінің
Экспликациясы

N ! Аудандардың ! Бүкіл ! оның ішінде ! Барлық ауыл ! Басқа да
р/с! атауы ! жер ! _____ ! шаруашылығы ! жерлер
! ! (га) ! егістік. ! тыңай. ! жайы. ! аймағы !

! ! ! тер !ған !лымдар! !
! ! ! !жерлер! ! !

1. Исатай ауданы 43986 130 2319 40975 43424 562

2. Атырау 160 - - 50 50 110

қаласының
Атырау мұнай
құбыры
басқармасы

Барлық жер 44146 130 2319 41025 43474 672

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.